

Б. Төрехан¹ , Т. Рамазанов^{1*} , А. Садық² 

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

²К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: tphd-92@mail.ru

МОДАЛДІЛІК КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

Бұл мақалада модалділік категориясы қазақ тілінің лингвомәдени кеңістігі тұрғысынан сипатталады. Модалділік – сөйлеушінің хабарға, әрекетке, тыңдарманға қатынасын білдіретін көпқырлы құбылыс; ол тек грамматикалық тұлғаларға (рай, болымдылық-болымсыздық) ғана емес, мәдени кодтар мен дискурс түрлеріне де арқа сүйейді. Қазақ тілінде модаль мәндер халықтық этикалық өлшемдермен, салт-дәстүрмен, сөйлеу этикетімен табиғи түрде астасады.

Зерттеудің мақсаты – осы мәдени өлшемдермен астаса көрінетін модаль мағыналардың типтерін жүйелеу және олардың қызметін жанрлық, прагматикалық, әлеуметтік қырларымен бірге түсіндіру.

Зерттеу материалдары ретінде Абай шығармалары, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, сондай-ақ бата-тілек, тыйым сөз, шешендік үлгілер алынды. Зерттеу жұмысына мағыналық-прагматикалық талдау, лингвомәдени интерпретация және контексті сипаттама әдістері тірек болды.

Нәтижесінде қазақ сөйлеу мәдениетінде міндеттеу мен тыйымның көбіне сыпайы берілуі, қалау мен рұқсаттың этикалық ізгілікпен айқасуы, болжал мен мүмкіндік арқылы келісімге келу стратегиялары қалыптасқаны айқындалды. Модаль маркерлер жалаң грамматикалық белгі емес, ұлттық дүниетаным мен қоғамдық қатынастың тілдік айнасы екені дәлелденді.

Зерттеу жұмысында алынған қорытындылар модалділіктің қажеттілік, міндеттілік, тыйым, рұқсат, мүмкіндік, болжал, қалау сияқты семантикалық өрістерін бата, ант, тыйым, кеңес, шешендік сөз тәрізді жанрлық үлгілермен және аманат, ұят, обал-сауап, қонақжайлық, бірлік сынды құндылық кодтарымен тоғысатынын көрсетті. Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар тіл үйрету, ресми-қоғамдық коммуникация үшін әдістемелік бағдар ұсынады.

Түйін сөздер: дискурс, лингвомәдени кеңістік, модалділік категориясы, мәдени өлшем, когнитивті мазмұн.

B. Torekhan¹, T. Ramazanov^{1*}, A.Sadyk²

¹A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

²K. Sagadiyev University of International Business, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: tphd-92@mail.ru

The Linguocultural Aspect of the Category of Modality

This article examines the category of modality from the perspective of the linguocultural space of the Kazakh language. Modality is understood as a multifaceted phenomenon that expresses the speaker's attitude toward the message, the action, and the addressee; it relies not only on grammatical forms (mood, affirmation/negation) but also on cultural codes and discourse types. In Kazakh, modal meanings naturally intertwine with folk ethical measures, with the ritual-traditional sphere, as well as with norms of speech etiquette.

The aim of the study is to systematize the types of modal meanings that emerge in conjunction with these cultural dimensions and to describe their functioning with regard to genre, pragmatic, and social parameters.

The data for the study were drawn from the works of Abai, M. Auezov's epic *The Path of Abai*, a corpus of Kazakh blessings and prohibitive formulas, as well as samples of traditional oratorical discourse. The methodological framework includes semantic-pragmatic analysis, linguocultural interpretation, and the contextual-descriptive method.

The analysis reveals that, within Kazakh speech culture, prescriptions and prohibitions are predominantly cast in polite, considerate forms; domains of desire and permission intersect with ethical virtue; and strategies for achieving agreement rely on meanings of conjecture and possibility. Modal markers are shown to be not merely grammatical indicators but also the linguistic mirror of national worldview and social relations.

The findings of the study show that modality, with its semantic fields of necessity, obligation, prohibition, permission, possibility, conjecture, and desirability, intersects with such genre patterns as blessings, oaths, prohibitive formulas, advice, and oratorical speeches, as well as with value codes such as entrusted covenant, sense of shame, sin and merit, hospitality, and unity. These conclusions have methodological significance for language teaching and for official and public communication.

Keywords: discourse, linguocultural space, category of modality, cultural dimension, cognitive content.

Б. Төрехан¹, Т. Рамазанов^{1*}, А. Садық²

¹Институт языкознания имени А. Байтурсынулы, Алматы, Казахстан

²Университет международного бизнеса имени К. Сагадиева, Алматы, Казахстан

*e-mail: tphd-92@mail.ru

Лингвокультурный аспект категории модальности

В статье категория модальности рассматривается с позиций лингвокультурного пространства казахского языка. Модальность понимается как многогранное явление, выражающее отношение говорящего к сообщению, действию и адресату; она опирается не только на грамматические формы (наклонение, утвердительность/отрицание), но и на культурные коды и типы дискурса. В казахском языке модальные значения естественно переплетаются с народными этическими измерениями, с обрядово-традиционной сферой, а также с нормами речевого этикета.

Цель исследования – систематизировать типы модальных значений, проявляющихся в сопряжении с указанными культурными измерениями, и описать их функционирование с учётом жанровых, прагматических и социальных параметров.

Материалом послужили произведения Абая, эпопея М. Ауэзова «Путь Абая», а также корпус казахских благопожеланий, запретительных формул и образцы традиционного ораторского дискурса. Методологическая база включает семантико-прагматический анализ, лингвокультурную интерпретацию и контекстуально-описательный метод.

В результате выявлено, что в казахской речевой культуре предписания и запреты преимущественно оформляются в вежливой, щадящей форме; сферы желания и разрешения пересекаются с этической добродетелью; стратегии достижения согласия опираются на значения предположительности и возможности. Показано, что модальные маркеры – не только грамматические показатели, но и языковое зеркало национального мировидения и общественных отношений.

Выводы, полученные в ходе исследования, показали, что модальность с её семантическими полями необходимости, обязательности, запрета, разрешения, возможности, предположительности и желательности пересекается с жанровыми образцами благословение, клятвы, запретительных формул, советов, речей ораторского типа, а также с ценностными кодами доверенный завет, чувства стыда, грех и благо, гостеприимства и единства. Сделанные выводы имеют методическое значение для преподавания языка и для официально-общественных коммуникаций.

Ключевые слова: дискурс, лингвокультурное пространство, категория модальности, культурное измерение, когнитивное содержание.

Кіріспе

Модалділік – табиғи тілдің негізгі категорияларының бірі әрі барлық тілдерге ортақ құбылыс. «Модалділік» ұғымы алғаш Аристотельдің «Метафизика» еңбегінде аталады. Ол модалділіктің үш басты түрін бөліп көрсетеді: қажеттілік, мүмкіндік және шындық (Балли, 1955: 123).

Модалділік категориясын қарастыру логика ілімінен бастау алып, философия, психология салаларында қарастырылып, әсіресе тіл ғылымында қазіргі кезге дейін өзекті мәселелердің бірі ретінде зерттеліп келеді. Сондықтан «модалділік» бірнеше ғылымға ортақ термин ғана емес, жалпы адамзаттық танымдық категория, яғни концепт ретінде қарастырылуға тиіс деп ойлаймыз.

Модалділік философия мен логикада объектілердің (пікірдің субъектісі мен объектісі) арасындағы байланыстың сипатын білдіретін категория ретінде түсіндіріледі.

Формальды логикада модалділік пайымдауда құбылыстар арасындағы байланыстар туралы, пайымдаудың логикалық статусы және т.б. сипаттамалар туралы қосымша ақпарат ретінде қарастырылады. Логикалық модалділік логикалық заңдар мен ережелерге негізделген ақпараттың шынайылығы мен жалғандығы пайымдауды білдіреді.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «модалділікке» «қандай да бір объектінің «өмір сүру» немесе қандай да бір құбылыстың өту тәсілі (онтологиялық модалділік) немесе объект, құбылыс немесе оқиға туралы пайымдауды тү-

сіну тәсілі» (гносеологиялық немесе логикалық модалділік) деген анықтама беріледі (Ильичев, 1983: 86). Ал психологияда «модалділік» сезімнің негізгі қасиеттерінің бірі, олардың сапалық сипаттамасы (түс – көру арқылы, тон және ырғақ – есту арқылы, иіс – иіс сезу арқылы қабылданады) ретінде түсіндіріледі. Сондықтан модалділік ұғымы басқа сезімдермен қатар, кез келген деңгейдегі және күрделілі түрліше когнитивтік бейнелердің сапалық қасиеттерін сипаттай отырып, басқа да көптеген психологиялық үдерістермен үйлеседі (Карпенко, 1998: 54).

Философия мен информатика ғылымдарының тоғысында «модалділік» негізінен қандай да бір көп нәрсенің элементі немесе қандай да бір топтың бір данасы дегенді, ал әуен (музыка) саласында орталық категориясы дыбыстық қатар болып табылатын лад қағидаты дегенді білдіреді.

Тіл білімінде «модалділік» сөйлеушінің өз сөзінің мазмұнына, тыңдаушыға, сөйленім мазмұнының ақиқат болмысқа қатынасын білдіретін семантикалық категория ретінде танылады. Сондықтан модалділік табиғи тілдің негізгі категорияларына жататын тілдік универсалий ретінде бағаланады.

Көптеген зерттеушілер оны екі бағытта қарастырады: объективті және субъективті модалділік. Объективті модалділік хабардың шындыққа қатысын білдіреді және көбіне етістіктің рай жүйесі арқылы жасалады. Субъективті модалділік – сөйлеушінің хабарға көзқарасы. Бұл – сөйлемнің міндетті емес, қосымша белгісі. Ол арнайы модал сөздер мен шылаулар арқылы, одағайлар арқылы, сөз тәртібімен және басқа да тілдік тәсілдермен жүзеге асады.

Модалділік – адамзат санасына байланысты өзгеріп отыратын антропоэлекті категория. Тіл мен ойлау өзара әрекеттестік механизміне негізделгендіктен, модалділік – әлем туралы дербес түсінікті қалыптастыратын адамзат тәжірибесінің белгілі бір қабаттарын және ақиқат шындық туралы әртүрлі білім түрлерін бейнелейтін категория (Әлкебаева, 2019: 63). Сондықтан ол білімді қалыптастыру, сақтау және жеткізу механизмдеріне негіз болатын когнитивті модельдерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге модалділік категориясы сөйлеушінің әлемнің менталді-сезімдік бейнесін жасау тәсілін және сөйлемнің диктумды бөлігінде ақиқат болмысқа білдірілген қарым-қатынасты сипаттайтындықтан, бұл категорияға лингвофилософиялық және лингвомәдениеттанымдық сипат тән және

ол мәтіндегі концептуалды ақпаратты білдіретін құрал болып табылады (Романова, 2006: 31).

Модалділік категориясының мәдениетпен байланысы оның сөйлеу субъектісінің дүниетанымына қарай анықталады. Алайда модалділіктің мәдени сипатын оның концептуалды мазмұны растайды. Тіл концептосферасы концептілер жүйесі болып табылады, ал модалділік қарым-қатынасты, бағалауды білдіретіндіктен, мұндай жүйеге модалдік сипат тән болады.

Осы мақалада модал мағыналардың қажеттілік, міндеттілік, тыйым, рұқсат, мүмкіндік, болжал, қалау сияқты түрлері лингвомәдени ракурста жүйеленіп сипатталады. Зерттеудің мақсаты – қазақ дүниетанымындағы құндылықтармен астасатын модал маркерлердің қызметін бата, ант, тыйым, шешендік сөз сияқты жанрлық үлгілермен, ресми және тұрмыстық жағдаяттардағы, иерархиялық және тепе-тең қатынастардағы прагматикалық өлшемдермен, сондай-ақ жас ерекшелігі мен мәртебе деңгейлерін қамтитын әлеуметтік қырлармен байланыстыра көрсетіп, олардың тілдік іске асу үлгілерін дәлелді мысалдар арқылы ашу. Осы арқылы модалділікті жалаң грамматикалық құбылыс ретінде емес, мәдени семиотикалық жүйенің бір бөлігі ретінде түсіндіру көзделеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің материалдары төрт арнадан алынды: алдымен көркем дискурстан Абайдың өлеңдері мен қара сөздері, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, Ж. Аймауытұлы мен С. Сейфуллин прозасынан үзінділер іріктелді. Бұған қоса бата-тілек, тыйым сөз және шешендік сөздерге тән ауыз әдебиеті үлгілері, сондай-ақ күнделікті қарым-қатынаста жиі қолданылатын этикет формулалары қамтылды. Барлық үзінді модал мағынаның айқын көрінетін тұстарына қарай тандалып, жанрлық тепе-теңдік сақталды, яғни көркем мәтін де, бата да, тыйым да, шешендік үлгілер де шамалас үлеспен енді.

Іріктеу барысында этномаркерлі тілдік бірлік қана емес, оның мағынасын айқындайтын іргелес сөйлемдер де ескеріліп, қолданыста орныққан, табиғи үлгілерге басымдық берілді. Әр үзіндіге жанры, басым модал түрі, маркердің сипаты және прагматикалық реңкі көрсетіліп аннотация жасалды. Мысалы, «керек», «тиіс», «жөн», «жарамас», «мүмкін», «бәлкім», «сірә», «болар», «шығар», «болсын», «берсін» сияқты сөздер, бұйрық не шартты рай арқылы сыпайы

реңкпен жеткізу, «дұрыс болар», «жөн болар», «ұят болады», «обал болады» тәрізді тіркестер нақты контексте белгіленді. Қажет жерінде бір сөйлем ішіндегі бірнеше реңктің тоғысуы да арнайы көрсетілді.

Әдістемелік тұрғыдан талдау мағыналық-прагматикалық сипаттамаға, лингвомәдени интерпретацияға және контексті түсіндіруге сүйенді. Алдымен модаль мағыналардың типологиясы нақтыланып (қажеттілік, міндеттілік, тыйым, рұқсат, мүмкіндік, болжал, қалау), әр типке тән тілдік маркерлер жүйеленді. Осы маркерлердің жанрлық үлгілермен байланысы, мәдени кодтармен топтасуы мысалдар арқылы ашылды. Сол арқылы бір модаль мәннің әр дискурста әртүрлі стильмен берілуі салыстырылды. Шешендік сөзде қағидаға сүйенген нормалық міндеттеу басым болса, тұрмыстық этикетте сол міндеттеу сыпайы ұсыныс не кеңес арқылы жанамалап беріледі, ал көркем мәтінде ол кейіпкердің ішкі шешіміне ықпал ететін риторикалық сұрауға айналады. Бата мен тыйым сөздерде қасиеттілікпен бекітіліп, этикетте жанама ескерту арқылы танылады. Қалау мән батада рәсімдік тілек болып орнығып, көркем мәтінде үміттің нәзік өрнегіне, ал тұрмыстық қатынаста диалогті жұмсартатын сыпайы ниетке айналады.

Әдебиеттерге шолу

Модальділік туралы алғаш ой айтқандардың бірі – Ш.Балли. Ғалым сөйлем эксплицитті екі бөліктен тұрады деп, оның біріншісіне сөйлемнің мазмұнын білдіретін диктумды, ал екіншісіне субъектінің осы сөйлем мазмұнына көзқарасын, яғни модальділікті білдіретін модусты жатқызып, модальділікті сөйлемнің жаны деп атады. Диктум кең мағынада белгілі бір оқиғалардың, заттардың қалпын көрсетсе, модус диктумда кім не туралы, қашан, кімге айтқанын, қандай мақсатпен айтқанын, қандай жағдайда айтқанын білдіреді.

Ғалым А.М. Пешковский рай сөйлеушінің ақиқат шындыққа, ал шақ оның өту уақытына қатынасын көрсететінін айта келіп, сөздер мен сөз тіркестерінің арасындағы қатынасты білдіретін категорияларды – объективті-синтаксистік категория деп, ал осы қатынастарға деген сөйлеушінің көзқарасын субъективті-объективті синтаксистік категория деп атады. Ғалым бұл категорияны сөйлеушінің субъективті қатынасын білдіретін категория ретінде түсіндіріп, оған рай, шақ, жақ категорияларын, сұраулы, лепті,

хабарлы сөйлемдерді, болымдылық, болымсыздық категорияларын жатқызды.

Лингвистикада модальділікті тілдік категория ретінде тану В. Виноградов еңбектерінен бастау алады. Ғалым субъективті-объективті категориялар терминінің орнына модальділік терминін қолданып, оны ақиқат шындық қатынасты білдіретін әрбір сөйлемнің маңызды құрылымдық белгісі деп есептеді (Құлманов, 2024: 9).

Ғалым Бондарко модальділікті функционалдық-семантикалық өріс ретінде сипаттап, объективті (реалдылық/ирреалдылық) және субъективті (сөйлеуші бағалауы) қабаттарын айырады. Бұл жіктеу кейінгі мәтіндік-прагматикалық зерттеулерге тірек болды (Бондарко, 1990: 146). Ал зерттеуші Е. Вольф бағалау семантикасын модаль мағынамен сабақтастырып, «жақсы / жаман», «орынды / орынсыз» секілді құндылық оппозициялары сөйлемнің модаль реңкін қалыптастыратынын көрсетеді (Вольф, 1985: 87).

Ғалым Маслова мен Верещагин лингвомәдениеттаным тұрғысынан ұлттық құндылықтардың тілдегі көрінісін талдай отырып, сөйлеу этикетіндегі сыпайы және жанама жеткізудің мәдени шарттылығын нақтылайды (Маслова, 2001: 67; Верещагин, 1990: 130). Осы қатарда Т.Романова модальділікті лингвомәдени кеңістікте арнайы қарастырып, модаль маркерлердің мәтін түзудегі және мәдени кодтарды іске қосудағы қызметін, әсіресе авторлық бағалау мен жанрлық нормаға тәуелділігін жүйелі түрде көрсетеді. Зерттеуші Т.Романова «модальділік категориясының мәдениеттанымдық табиғаты норма модальділігі мен бағалау модальділігінің тілдік санада, ең алдымен, діни дүниетанымның, адамгершілік қасиеттің әсерімен қалыптасатындығы да айғақтай түседі», – дей келе, «модальділік категориясы мен мәдениет категориясының байланысына модальдік мағыналарды білдіретін құралдар мен тәсілдердің тарихи тұрғыда өзгеріп отыруы, олардың қолданысы, сондай-ақ негізгі модальдік мағыналардың сөйлеу субъектісінің, сана субъектісінің дүниетанымына тәуелді болатындығы да әсер етеді» деп тұжырымдайды. Алайда, зерттеушінің пікірінше, «модальділіктің мәдени сипатын растайтын басты нәрсе – оның концептуалды мазмұны. Өйткені ұлттық тілдің концептосферасы жекелеген концептілерде көрінеді. Ал олардың барлығы модальді сипатқа ие болады, яғни қандай да бір қатынасты, бағалауды білдіреді (Романова, 2006: 177).

Е.М. Дубровская лингвомәдени типаждар теориясының бүгінгі жай-күйін жүйелейді: тіл-

дік тұлға, құндылық, жанр, дискурс арасындағы көпірдің қалай құрылатынын көрсетіп, лингвомәдени модельдеудің әдістемесін нақтылайды. Ғалым мәдени типаждарды норма/құндылықтар жинағы ретінде сипаттап, модаль бағалаудың (жөн/жарамас, рұқсат/тыйым, міндет/қажет) мәдени негізін түсіндіруге берік теориялық тірек ұсынады. Осы тұрғыдан ол модалділікті таза грамматикалық құбылыстан мәдени семиотикаға қарай алға жылжытады (Дубровская, 2024: 399).

Е.Г. Мхитарьянц заңнамалық дискурста «мүмкіндік/қажеттілік» модалділігін арнайы қарастырып, мәтіннің нормалық-регулятивтік қызметін айқындайды. Мұнда «қажет/міндет» сияқты деонтикалық өрістер институционал мәдениетпен (құқықтық тілдің ритуалданған формалары, адресатқа жауапкершілік жүктеу) тікелей байланыста көрсетіледі. Артықшылығы – заң дискурсында модаль мағынаның қоғамдық норманы бекіту құралы ретіндегі рөлін дәлелдеп, лингвомәдени талдауға қолданбалы, пәндік өлшем қосады (Мхитарьянц, 2025: 350).

Әлемдік зерттеулерде модалділіктің семантикасы мен прагматикасы жеке грамматикалық құбылыс шегінен шығып, сөйлеушінің бағалауы, сенім-күмәні, әлеуметтік қатынас нормалары және тілдік тұлға ұстанымымен ұштасатын көпқабатты құбылыс ретінде сипатталады. Пальмер модалділікті рай мен модаль мағыналардың өзара байланысында жүйелеп, қажет-мүмкіндік, эпистемикалық-деонтик қатарларын айқындаса (Palmer, 2001: 113), Нюйтс модаль мағынаны сөйлеушінің жауапкершілік аймағы, дәлел дәйектілігі және бағалау деңгейімен бірге түсіндіреді. Ол модалдік маркерлердің мәтін мен дискурста тәуелді динамикасын көрсетеді (Nuys, 2001: 205).

Өзбек ақпараттық кеңістігіндегі «сыпайылық» ұғымы лингвомәдени өріс ретінде тұтас сипатталып, этикет формулалары мен бағалау өрістері ядро-шеткері құрылымымен модельденеді. Осылайша көркем және публицистикалық дискурстарда «сыпайы/жанама айту» стратегиялары ұлттық ақпараттық орта контекстінде нақты тілдік көрсеткіштер арқылы түсіндіріледі (Mambetniyazova, 2024: 80). Рұқсат сұрау сөйлеу актісіне арналған кросс-мәдени талдау вьетнам және ағылшын материалдары бойынша рұқсат, тілек, ықтималдық маркерлерінің қатынас симметриясына және мәдени мәртебе нормаларына қарай қалай өзгеретінін эмпириялық дерекпен көрсетеді (Tran, 2022: 859). Бұл жерде қазақ ті-

ліндегі рұқсат/кеңес үлгілерін салыстыра талдауға әдістемелік үлгі ұсынылады.

Ал ағылшын тіліндегі ғылыми мәтінге арналған зерттеу эпистемикалық модалділіктің тілдік құралдарын жүйелеп, модаль маркерлер автор беделін сақтауға, дәрежесін айқындауға қызмет етіп, кәсіби дискурста стандартталған нормалармен ұштасады. Осы үш бағыттың түйісінде модалділіктің лингвомәдени табиғаты біртұтас жүйе ретінде көрінеді (Нуриева, Ражева, 2023: 70).

Қазақ тіл білімінде модалділік көбіне рай жүйесі, болымдылық-болымсыздық, модаль сөздер мен шылаулар аясында сипатталса да, лингвомәдени қырлары классикалық мұра мен ұлттық сөз мәдениеті туралы еңбектерде кеңінен көрінеді. А. Байтұрсынұлы сөйлеу этикасы мен сөздің орны, бұйрық, тілек, кеңес, шектеу тәрізді реңктердің қай жерде қалай қолданылатынын үлгілеуі арқылы модаль мағынаның мәдени-тәрбие-лік негізін айқындайды (Байтұрсынұлы, 2022: 158). Қ. Жұбанов қазақ сөйлеу жүйесіндегі рай мағыналардың қызметін, әлеуметтік жағдаятқа тәуелді стильдік құбылуын атап өтсе (Жұбанов, 1999: 581), М. Оразов, С. Исаев, А. Ысқақов, Ы. Маманов еңбектерінде рай категориясы, модаль мағыналы тіркестер мен грамматикалық тұлғалардың қызметі жан-жақты сипатталады (Қазақ грамматикасы, 2002: 514).

Қорыта келсек, лингвистика ғылымы «модалділік» ұғымын логикадан ал отырып, оны тек болымдылық пен болымсыздық, қажеттілік, мүмкіндік, күмәнділік мағыналарды білдіріп қана қоймайтын, жалпы «сөйлеушінің көзқарасын» білдіретін категория ретінде таниды.

Нәтижелер мен талқылау

Лингвомәдени тұрғыда модалділіктің өзектілігі – тілдегі «керек», «тиіс», «жөн», «жарамас», «мүмкін», «бәлкім», «болар», «шығар», «болсын», «берсін» секілді маркерлердің қоғамдағы құндылық өлшемдерімен, әдет-ғұрыппен, моральдық нормамен ұштасып тұруында.

Батада модалділік ең алдымен қалау реңкі арқылы іске асады. Мәселен: *Құдайдың өзі сөйтіп оңдасын, бес жүз саулық қоздасын, сексен інген боталап, сегіз келін қомдасын. Айдап келген жылқыңнан, алтыс айғыр азынасын, жиып келген түйеңнен жетпіс інген боздасын, өзіңнен байлық озбасын. Ағайынның жарлысы бөтен жаққа тозбасын. Келтірілген мысалдағы «оңдасын», «қомдасын», «азынасын», «боздасын»,*

«озбасын», «тозбасын» тәрізді тілдік бірліктер тілек реңкті айқын білдіреді. Бұлар грамматикалық жағынан қалау (- сын/ – сін) маркерлері болғанымен, олар «амал-тілек» емес, берекені шақырып, жамандықты кері итеретін ритуалдық пәрмен атқарады. Малдың көбеюі, түліктің төлдеуі, байлықтың «озбауы» мен ағайынның «тозбауы» – көшпелі-тұрмыстық мәдениеттің экономикалық әрі моральдық өлшемі. Сол секілді «болсын», «берсін», «қонсын», «көп бол», «алды бол» тәрізді формалар тілек білдіріп қана қоймай, береке, несібе, ұрпақ, тыныштық сияқты құндылықтарды ұжымдық сананың деңгейіне көтереді. Тілдік тұрғыдан бұл – қалау маркерлерінің ритуалдық кеңістікте әлеуметтік-нормативтік пәрменге айналуы: тілек тек жеке адресатқа арналмайды, ол қауымға тарайтын «игілікті шақыру» қызметін атқарады. Осы арқылы қалау модалі мәдени семиотикада берекені заңдастыратын кодқа айналып, «не тілейміз?» деген сұрақты «қоғамға не лайық?» деген өлшеммен алмастырады.

Бата дискурсында бұйрықтық реңк этикалық сыпайылықпен ұштасады. Мысалы: *Е, Құдайым, оңда. Оң жолына баста! Жаз жайлауын жаусыз ет, қыс қыстауын қарсыз ет, дүниеде мұңсыз ет, толғатқанын ұл ет, тамырғанын май ет. Бәледен сақта, жәледен сақта.* Мысалдағы «баста», «ет», «сақта» сияқты тұлғалар грамматикада бұйрық рай ретінде танылса да, батада олар күш көрсету емес, моральдық тәртіпті орнықтыруға бағытталған өтініш сипатында жұмыс істейді. Жанама тыйым «ұят болады», «обал болады» тәрізді мәдени белгілер арқылы іске қосылып, «болмайды» дегенді тікелей айтпай-ақ, қасиеттілік шекарасын сызады. Демек, бұйрық, қалау, тыйым реңктері батада тұтаса келіп, қарым-қатынастағы тура айтпау, жанама, сыпайы жеткізу тепе-теңдігін сақтайды.

Абай өлеңдері мен қара сөздерінде болжал мен қалау, міндеттеу мен тыйымның көркем тәсілдері анық байқалады. Айталық, Абайдың төртінші қарасөзінде: ... *Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кәніш болса керек. Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды hareket табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды hareket өзі де уайым-қайғыны*

азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды hareketпен азайт.

Қарасөздің бұл бөлігінде модалділіктің эпистемикалық және деонтик-аксиологиялық қабаттарын қатар іске қосады. «Болса керек», «жан шыдай ма екен» тіркестері халық даналығына сүйенген ой қорытындысын ықтимал, бірақ салмақты тұжырым ретінде ұсынады. Сөйлеуші шындықты «осылай болуы қисынды» деп бағалайды, демек пайым дәлдігін мәлім етсе де, әмір етпейді. Риторикалық сұрақтар («үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба?», «жан шыдай ма екен?») – эпистемикалық күмән арқылы тыңдаушыны ортақ шешімге итермелеу амалы. Бұлар «болмайды» деп кесіп айтпай, психологиялық шектеуді сыпайы жеткізеді.

Абайдың өлеңдеріндегі модалділік қазақ дүниетанымының «жөн», «намыс», «бірлік», «еңбек» сияқты кілт ұғымдарымен біте қайнасып, бұйрық, қалау, тыйым, кеңес реңктерін тәрбиелік-этикалық бағдарға айналдырады. «Біріңді, қазақ, бірін дос, көрмесең – істің бәрі бос» өлең жолдарында сыртқы формада міндеттеу байқалғанымен, іштей ол қауымдық келісім мен ортақ жауапкершілікті «жөн» өлшеміне көтеріп, тыңдарманға өзара достықты ұғындырады, тануға жетелейді. Сөйтіп міндеттеу модалділігі жалаң әмір емес, ұжымдық өмірдің «болуға тиіс» тәртібі ретінде жұмыс істейді. «Болмасаң да ұқсап бақ» өсиетінде бұйрық пен қалау қабаттаса келіп, намыс пен талаптың тілін сыпайы жеткізеді. Тікелей «бол» демей, «ұқсап бақ» деп ынталандыру арқылы биік өлшемге жақындаудың жолын көрсетеді. Модаль мағына мұнда зорлық емес, үлгіге ұмтылуды заңдастыратын мәдени кодқа айналады. Көңіл-күй мен этикалық реңкті реттейтін осы стратегиялар Абай поэтикасының өзегін құрайды: «орынды/орынсыз», «жақсы/жаман», «дос/қас» сияқты оппозициялар бағалау модалін күшейтіп, жеке мінезді қоғамдық құндылықпен үйлестіреді. Сөйтіп поэзиядағы бұйрық, тілек, кеңес, тыйым реңктері адамның ішкі дүниесін тәрбиелейтін, қауымдық бірлікті бекітетін лингвомәдени семиотикаға айналады.

«Абай жолындағы» Құнанбайдың үкімге жақын бағалаулары мен Абайдың жауаптары модалділіктің лингвомәдени табиғатын ашуға мысал бола алады. Әке сөзі «болуға тиіс» мінез өлшемін (*кең сөзді болмау, кісіні талғау, орысқа қапысыз сақтық*) деонтик модуспен бекітеді, яғни «жұртына қадірлі болудың шарты осылай» деген нормалық міндет қою бар. Бұл – қауымдық тәртіпті күзететін тыйым мен міндеттеудің

мәдени регистрі. Құнанбайдың «жайдақ су» метафорасы бағалау модалін күшейтіп, «қадірі болмайды» сияқты болжалды-үкімдік тұжырыммен әдептің шегін айқындайды. Онда «керек/жарамас» оппозициясы ашық айтылмаса да, норманың үкімі астарлы амалмен орындалады. Абай жауабы осы үкімді байыппен қайта өлшеп, реңкін жеңілдетеді. «Артық деп білемін», «білу керек» тәрізді маркерлер бір жағынан жеке танымының дәлеліне ишара жасап, екінші жағынан заманға қарай «айласы мен әдісін» игеруді қажет ететін деонтик қажеттілікке айналдырады. Сөйтіп «жайдақ су» – «бәріне ортақ мейір» болып қайта ұғымданып, әлеуметтік қатынастың қатаң иерархиялық модалін «қамқорлық/қамту» модусына ауыстырады. Орысқа қатысты «сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі аламын» деген тіркес бағалау мен міндеттеуді ажыратып, эмоциялық ұнатудан тәуелсіз «үйрену керек» деген прагматикалық қажеттілікті заңдастырады. Мұнда мәдени кодтар (*қауым абыройы, тәртіп, замана ыңғайы*) мен модаль маркерлер (*қажеттілік, тыйым, бағалау, ықтимал салдар*) өзара тоғысып, норманы үкім ретінде емес, уәжді әрекет эталоны ретінде бекітеді. Дәл осы тоғыста роман поэтикасы қауымдық әдеп пен жеке жауапкершілікті тілдік модаль арқылы келісімге келтіреді.

Қазақтың тыйым сөздер дискурсында модаль мағына ең алдымен деонтикалық («*болмайды*», «*баспа*», «*кемітімесін*» деген) міндеттілік-тыйым регистрі арқылы іске асып, лингвомәдени қызмет атқарады. «Дастарханды, тамақты баспа», «Суды сапырма, суға түкірме», «Босағаны керме», «Табалдырықты баспа» сияқты үлгілер қарапайым бұйрық/тыйымнан гөрі кеңістіктің киелілігі мен реттілігін қорғайтын мәдени кодтарды белгілейді. Дастархан – ырыс, табалдырық пен босаға – үйдің шекаралық таңбасы, су – тазалық пен берекенің символы. Осылайша тыйым – тұрмыс заттары мен үй ішінің архитектурасына «мәдени мән» жүктеп, «киелі/күнделікті», «жоғары/төмен», «ішкі/сыртқы» оппозициялары бойынша тәртіпті тіл арқылы бекітеді. «Үлкендердің жолын кеспе, сөзін бөлме» – иерархияны, «Үйде ысқырма, үйге жүгіріп кірме» – үй ішінің тыныс ырғағын, «Жақын адамға пышақ сыйлама» – қатынастың қауіпсіздігін, «Мойнына белбеу жіп салма» – дене тұтастығы мен амандықты нормалайды. «Бөркінді теріс киме» сияқты үлгілер киім мен дене геометриясын да әлеуметтік-этикалық бағдарға айналдырады. Теріс бұйрық формасы тікелей

айтылғанымен, оның прагматикалық әсері «ұят болады», «обал болады» тәрізді көпшілікке төнер салдарды ескере отырып, адамды іштей тыйыммен жөнге салады.

Демек, тыйым сөз модалділігі – жалаң грамматикалық тыйым емес, ритуалданған тәртіпті, ұят-обал өлшемін, әлеуметтік қашықтықты сақтататын семиотикалық механизм. Тыйым сөздердегі модаль мән тек «болмайды» формасымен шектелмейді. Оның астарында қасиеттілік сезімі, ұжымдық жауапкершілік бар. «Нанды аяқ асты етпе» тәрізді тыйымдарда нанның күн-көріс пен берекенің нышаны екені жадқа салынып, әрекетке сакралды мағына жүктеледі. Сөйтіп тыйым модалі этикалық және рухани кодтар арқылы пәрменді күшке айналады.

Шешендік сөздер дискурсындағы модалділік ең алдымен деонтикалық реңкпен көрінеді. Бөлігірік, Әйтеке, Төле айтқан өсиеттер «*иіліп сөйле*», «*сызылып сөйле*», «*сақтан*», «*алыс жүр*», «*таза бол*», «*адал бол*», «*әділ бол*» тәрізді тікелей бұйрық формалар арқылы мінез-құлықтың қоғам мойындаған өлшемін бекітеді. Мұндағы бұйрық – өктем әмір емес, әдепті нормаландыратын мәдени белгі. «Үлкен алдында, кіші алдында» деген кеңістік-иерархиялық көрсеткіштер сөйлеу этикетінің ретін айқындап, құрмет пен қамқорлықтың симметриясын орнатады. Параллель құрылымдар мен қарама-қарсы жұптар («*ақты ақ де, қараны қара де*», «*иіліп... белің бүгілмейді / сызылып... сөзің үзілмейді*») бағалау модалін күшейтіп, «жөн/теріс» оппозициясын ұғымға емес, іс-әрекетке байлайды. Кішіпейілділік – қадір, тәкаппарлық – жат қылық, сараңдық пен қараулық – қауымға қайшы әрекет екенін тіл арқылы ұғындырады.

Әйтекенің «бай болсаң... батыр болсаң...» үлгісі шарттылық арқылы міндеттеу реңкін айқын байқатады. Осылайша шешендік мәтіндегі модалділік сөз этикетін ғана емес, қауымдық жауапкершілікті де реттейді. Тікелей тыйым мен бұйрық ұят, ынсап, әділет, қайырым сияқты құндылықтарды іске қосып, сөзді мінезге, мінезді тәртіпке айналдырады.

Төленің «бір үйдің баласы болма, көп елдің данасы бол» деген жолдары модалділікті ұжымдық көкжиекке кеңейтеді. Тар мүддеден кең өріске ауысу – «бол» етістігінің императиві арқылы әлеуметтік идеалға айналады. «Көпшілікті сағала», «өзен бойын жағала» секілді метафоралық бағдарлар бұйрықты сыпайы кеңес реңкіне алмастырады, қауымға сүйену мен табиғи реттілікке үйлесуді «қажет» категориясына көтереді.

Риторикалық градация («өзіңе-өзің кәміл бол / халқыңа әділ бол / жауыңа қатал бол / досыңа адал бол») адресаттың ішкі тәртібін сыртқы қатынастармен теңестіреді. Шешендік дискурста өзін-өзі реттеу – әділдік нормасын туғызады, әділдік – қауымға аманат, ал адалдық пен қаталдықтың балансы – одақ пен шекараны сақтайтын мәдени тетік ретінде танылады. Мұнда императивтің күшін параллелизм мен афоризм поэтикасы арттырады, нәтижесінде модаль мағына жалаң грамматикалық амалдан шығып, лингвомәдени кодқа айналады. Шешендік сөз осылайша «не айту керек?» емес, «қалай және не үшін солай айту керек?» деген өлшемді орнықтырып, қауымның өмірсалтын тіл арқылы нормалайды.

Зерттеу нәтижесі қазақ тіліндегі модалдік маркерлердің қоғамдағы этикалық өлшемді ашық көрсететінін дәлелдеді. «Жөн», «ұят», «обал-сауап», «аманат» тәрізді кілт ұғымдар сөйлемде жай ғана сөз емес, әрекетке баға беретін тілдік қаңқа ретінде жұмыс істейді. «Жөн», «жарамас», «ұяттау», «обал» сияқты белгі сөздер айтылған сәтте-ақ тыңдаушы не істің дұрыс-бұрысын шамалап, ортақ норманы ұстануға бейімделеді. Осылайша модаль мағына мәдени бағалаудың тетігіне айналып, риторика емес, күнделікті мінез-құлықты реттейтін практикалық құрал қызметін атқарады.

Қатынас мәдениетінде сыпайы және тура айту арасындағы теңгерім анық көрінді. Бір мазмұн екі түрлі реңкпен беріледі: «Барып кел!» – тура айту, ал «Барып келсеңіз игі» – сыпайы ұсыныс. Бұл айырма тек грамматикадан туындамайды, оның артында сыйластықты сақтап, келісімге келуді көздейтін қарым-қатынас этикасы жатыр. Нақты сөйлейтін жер бар, ал кей жағдайда кісіні ренжітпей, келісе отырып бағыттау маңызды. Тиісінше, қазақ тілдік тәжірибесінде талап пен өтініштің, ескерту мен кеңестің қалауы мен деңгейі тыңдаушының жасына, мәртебесіне, қатынас теңдігіне қарай бейімделетіні байқалды.

Тыйым сөздер модалділіктің ерекше, мәдени астары қалың түрін көрсетеді. «Нанды аяқ асты етпе», «Дастарханды баспа», «Үлкеннің жолын кеспе» сияқты үлгілерде «болмайды» деген тыйымның өзі киелілік сезімімен ұштасады: дастархан – ырыстың белгісі, табалдырық пен босаға – үйдің шегі, су – тазалық пен берекенің символы. Мұнда тыйым жай техникалық ереже емес, ұжымдық жауапкершілікті еске салатын код. Адам тыйымды орындағанда тек «жазадан қашпайды», ең алдымен қауымға, үйге, ырысқа

құрметін білдіреді. Сондықтан мұндай мәтіндер тыйымды ұят пен обал өлшемдері арқылы ішкі тежеуге айналдырады.

Модаль мағына іс-әрекеттің уақыты мен орнына да бағдар береді. «Әуелі үлкенге сөз берейік» деген үлгі реттілік пен әдепті бір-ақ сөйлеммен орнықтырады: «Мұнда сөйлеуге болмайды» – кеңістіктің өз тәртібі бар екенін білдіреді. «Ертең барсаң жөн» – уақыт пен мақсаттың үйлесуін нұсқайды. Демек, модалдік маркерлер тек «не істе?» деп емес, «қашан, қайда, қалай істе?» деген сұрақтарға да жауап беріп, орта ережесін айқындайды. Осы арқылы тіл әлеуметтік өмірдің күнделікті «жүріс-тұрысын» нақтылап, дау-дамайдың алдын алатын пәрменге айналады. Көркем және шешендік дискурс деректері бұл қорытындыларды бекітеді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінде, «Абай жолы» эпопеясында авторлық бағалау, кейіпкердің күдігі мен үміті, тілек пен талап, тыйым мен кеңес табиғи өріледі. Поэтикалық сөйлем құрылымының өзінен-ақ сыпайы не тура айту реңкі туып, оқырманның бағалау горизонты қалыптасады. Би-шешендер мұрасында («Тура биде туған жоқ...», «Жақсының аты өлмейді...») мінез-құлық нормасы белсенді түрде бекітіледі. Императивтер ортақ қағиданы сақтауды талап етеді, ал риторикалық параллелизм сол норманы есте қалар формулаға айналдырады. Көркем және шешендік дискурстар бір-бірін толықтырып, модалділіктің этикалық, тәрбиелік қуатын нақты көрсетеді.

Жүйелеу нәтижесінде қазақ тіліндегі модаль мағыналардың жеті өрісі мәдени кодтармен тұрақты ұштасатыны нақтыланды:

- қажеттілік (керек, тиіс, жөн, лайық) – парыз, уәде, аманатқа тіреліп, мінезге міндет жүктейді.
 - міндеттілік (бұйрық рай, талап) – тәртіп, әділет, жауапкершілікті іске қосады.
 - тыйым (болмайды, жарамас) – киелілік, ұят, обал-сауап өлшемдерін бекітеді.
 - рұқсат (жарайды, әбден болады) – салт-дәстүр мен сыйластық шеңберін кеңейтеді.
 - мүмкіндік (мүмкін, бәлкім, сірә) – сақтық пен мәміле мәдениетін реттейді.
 - болжал (болар, шығар, сияқты, «тәрізді») – келісімге келудің икемді жолын ұсынады.
 - қалау (болсын, берсін, қонсын, -ғы/-гі кел) – ізгі ниет пен тілек мәдениетін рәсімдейді.
- Осы өрістердің бәрі дерлік сөйлеуші мен тыңдаушының өзара әрекетіне нормативтік бағдар беріп, сөзді қатынас өлшемін орнықтыратын қоғамдық тетікке айналдырады.

Қорытынды

Қорытындылай айтқанда, модалділік қазақ тілінде жай грамматикалық белгі емес, күнделікті өмірдің әдеп-өлшемін танытатын, қарым-қатынасты реттейтін мәдени механизм екені айқындалды. Сөйлеуші «жөн», «ұят», «обал-сауап», «аманат» сияқты кілт ұғымдарды таңдап қолданған сәтте сөз тек хабар беріп қоймайды, іс-әрекетке баға береді, тыңдаушыны ортақ өлшемге жуықтатады. Сол себепті бұйрықпен өтініш, ескерту мен кеңес, тыйым мен рұқсат бір-бірінен тек форма арқылы ажырамайды, олардың артында сыйластық, жауапкершілік, киелілік, әділет сияқты құндылықтар тұрады. Көркем поэтика мен шешендік дискурс бұл құндылықтарды есте қалар формулаға айналдырып, тілдің тәрбиелік бағдарына күш береді.

Алдағы зерттеулерде модалділіктің мәдени сипатын тереңірек зерттеу орынды. Ең әуелі, бүгінгі медиа мен әлеуметтік желідегі пікірталас-

тарда сыпайы және тура айту қалай шектелетінін, тыйым мен рұқсат қалай рәсімделетінін байқау қажет. Жарнама, жаңалық тақырыптары мен қоғамдық үндеулердегі бағалау тілін де жеке қарастырған дұрыс. Сондай-ақ ресми-әкімшілік құжат тілі мен сот-кеңес, оқу-ағарту саласындағы ұстаз-шәкірт, дәрігер-пациент қатынастарында талап, ескерту, кеңес қандай тілдік үлгілермен нормаланады – осыны анықтау маңызды. Мұндай зерттеулер модаль маркерлердің құндылықпен қалай үйлесетінін, қай ортада қандай үлгі өтімді болатынын нақты көрсетіп, тіл мен мәдениеттің байланысын тереңірек түсіндіреді.

Мәдени өзгерістермен бірге модаль үлгілер де жаңарып отырады. Дегенмен ұят, обал-сауап, аманат, қонақжайлық, бірлік сияқты түпкі құндылықтар сөз қолданысымыздың өзегін қалыптастыра береді. Сондықтан модалділік категориясын лингвомәдени аспектіде қарау – қазақ тілінің тірі табиғатын, қоғамдағы қатынастың механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Балли, Ш. (1955). *Общая лингвистика и вопросы французского языка*. Москва. Изд-во иностр. лит.
- Ильичёв, Л. (1983). *Философский энциклопедический словарь*. Москва. Советская энциклопедия.
- Карпенко, А. (1998). *Краткий психологический словарь*. Ростов-на-Дону. Феникс.
- Әлкебаева, Д. (2019). Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: Оқулық. Алматы. Қазақ университеті.
- Романова, Т.В. (2006). Категория модальности в свете когнитивной лингвистики. *Вопросы когнитивной лингвистики*, 1, 29–35.
- Кұлманов, С. (2024). Қазақ тіліндегі модалділік категориясының функционалды-семантикалық өрістері. Алматы: Qazaq kitabı.
- Бондарко, А. (1990). *Теория функциональной грамматики: Темпоральность. Модальность*. Ленинград. Наука.
- Вольф, Е. (1985). *Функциональная семантика оценки*. Москва. Наука.
- Маслова, В. А. (2001). *Лингвокультурология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений*. Москва. Академия.
- Верещагин, Е. (1990). *Язык и культура*. Москва.
- Романова, Т. (2006). Лингвокультурологический аспект категории модальности. *Известия Тульского государственного университета. Серия: Язык и литература в мировом культурном пространстве*, №9, С. 173–180.
- Дубровская, Е. (2024). Современное состояние теории лингвокультурных типажей. *Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика*, №15(2), С. 394–414. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2024-15-2-394-414>
- Мхитарьянц, Э. (2025). Модальность возможности/необходимости как релевантная текстовая категория законодательного дискурса. *Немецкая филология в Санкт-Петербургском государственном университете*, С. 343–366. <https://doi.org/10.21638/spbu33.2024.118>
- Palmer, F. (2001). *Mood and modality* (2nd ed.). Cambridge: Cambridge University Press.
- Nuyts, J. (2001). *Epistemic modality, language and conceptualization: A cognitive-pragmatic perspective*. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins.
- Mambetniyazova, A. (2024). Linguistic and cultural analysis of the concept “politeness”. *Semantics* (De Gruyter Brill), №258(19), С. 73–91. <https://doi.org/10.1515/sem-2023-0141>
- Tran, T. (2022). A cross-cultural study of modality in the speech act of asking for permission. *Theory and Practice in Language Studies*, №12(5), С. 854–865. <https://doi.org/10.17507/tpls.1205.05>
- Нуриева, Н., & Ражева, Е. (2023). Лингвистические средства выражения эпистемической модальности в англоязычном научном тексте. *Вестник Новосибирского государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация*, №21(2), С. 63–74. <https://doi.org/10.25205/1818-7935-2023-21-2-63-74>
- Байтұрсынұлы, А. (2022). *Тіл–құрал* (Он екі том, 4-том). Астана. «Алашорда» ҚҚ.
- Жұбанов, Қ. (1999). *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. Алматы. Ғылым.
- Қазақ грамматикасы: Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. (2002). Астана.

References

- Alkebaeva, D. (2019). Qazaq tiliniñ funksionaldy gramatikasy [Functional Grammar of the Kazakh Language]. Almaty. (In Kazakh)
- Baitursynuly, A. (2022). Til-qural. On eki tom [Language is a tool. Twelve volumes]. Astana. (In Kazakh)
- Bali, Ş. (1955). Obşaiia lingvistika i voprosy fransuzskogo iazyka [General linguistics and questions of the French language]. Moscow. (In Russian)
- Bondarko, A. (1990). Teoria funkcionālnoi gramatiki: Temporalñost. Modālñost [Theory of functional grammar: Temporality. Modality]. Leningrad. (In Russian)
- Dubrovskaja, E. (2024). Sovremennoe sostoianie teorii lingvokulturnyh tipajei [The current state of the theory of linguistic and cultural types]. Moscow. (In Russian)
- Ilichev, L. (1983). Filosofski ensiklopedicheski slovär [Philosophical encyclopedia]. Moscow. (In Russian)
- Jubarov, Q. (1999). Qazaq tili jöindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. Almaty. (In Kazakh)
- Karpenko, A. (1998). Kratki psichologicheski slovär [A short psychological dictionary]. Rostov-on-Don (In Russian)
- Mambetnıyazova, A. (2024). Linguistic and cultural analysis of the concept “politeness” // Semantics (De Gruyter Brill). Vol. 258 (19). P. 73-91. <https://doi.org/10.1515/sem-2023-0141>
- Maslova, V. (2001). Lingvokulturologia [Linguoculturology]. Moscow. (In Russian)
- Mhitärans, E. (2025). Modālñost vozmojnosti/neobhodimosti kak relevantnaia tekstovaia kategoria zakonodatelnogo diskursa [The modality of possibility/necessity as a relevant textual category of legislative discourse]. Moscow. (In Russian)
- Nurieva, N., Rajeva, E. (2023). Lingvisticheskie sredstva vyrajenia epistemicheskoi modālñosti v angliazychnom nauchnom tekste [Linguistic means of expressing epistemic modality in an English-language scientific text]. Moscow. (In Russian)
- Nuyts, J. (2001). Epistemic Modality, Language and Conceptualization: A Cognitive-Pragmatic Perspective. Amsterdam/Philadelphia.
- Palmer, F. (2001). Mood and Modality (2nd ed.). Cambridge.
- Qazaq gramatikasy. Fonetika, sözjasam, morfologija, sintaksis (2002). [Kazakh grammar. Phonetics, word formation, morphology, syntax]. Astana. (In Kazakh)
- Qulmanov, S. (2024). Qazaq tilindegi modaldilik kategoriasynyñ funksionaldy-semantikalıq öristeri [Functional and semantic fields of the category of modality in the Kazakh language]. Almaty. (In Kazakh)
- Romanova, T. (2006). Kategoria modālñosti v svete kognitivnoi lingvistiki [The category of modality in the light of cognitive linguistics]. Moscow. (In Russian)
- Romanova, T. (2006). Lingvokulturologicheski aspekt kategorii modālñosti [The linguistic and cultural aspect of the category of modality]. Moscow. (In Russian)
- Tran, T. (2022). Cross-Cultural Study of Modality in the Speech Act of Asking for Permission // Theory and Practice in Language Studies. Vol. 12 (5). P. 854-865. <https://doi.org/10.17507/tpls.1205.05>
- Vereşagin, E. (1990). İazyk i kultura [Language and culture]. Moscow. (In Russian)
- Völf, E. (1985). Funkcionalnaia semantika osenki [Functional semantics of evaluation]. Moscow. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Төрехан Бақдаулет Әшімханұлы – PhD докторант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы, e-mail: bagdaulet_0993@mail.ru);

Рамазанов Талғат Бекболатұлы – PhD, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Қазақстан, Алматы, e-mail: tphd-92@mail.ru);

Садық Айнагул Мақсатқызы – магистр, К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: s.ainagul_94@mail.ru).

Information about authors:

Torekhan Bakdaulet Ashimkhanuly – PhD student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: bagdaulet_0993@mail.ru);

Ramazanov Talgat Bekbolatuly – PhD, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Kazakhstan, Almaty, e-mail: tphd-92@mail.ru);

Sadyk Ainagul Maksatkyzy – Master, K. Sagadiyev International University of Business (Kazakhstan, Almaty, e-mail: s.ainagul_94@mail.ru).

Сведения об авторах:

Төрехан Бақдаулет Ашимханович – PhD докторант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Қазақстан, e-mail: bagdaulet_0993@mail.ru).

Рамазанов Талғат Бекболатович – PhD, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы (Алматы, Қазақстан, e-mail: tphd-92@mail.ru).

Садық Айнагул Мақсатовна – магистр, Международный университет бизнеса имени К. Сағадиева (Алматы, Қазақстан, e-mail: s.ainagul_94@mail.ru).

Келін түсті: 9 қазан 2025 жыл
Қабылданды: 23 желтоқсан 2025 жыл